



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Байлық пен күштің арасалмағының
өзгеруі





Дәрістің мақсаты: 1650–1750 жж. Вестфаль келісімшартынан кейінгі әлемдік күштер арасалмағын сипаттау.

Кілт сөздер: креол, абсолютизм, ағылшын азаматтық соғысы, Цин династиясы, Нерчинск келісімшарты, Вестфаль келісімшарты, пуритандар, табиғи құқықтар, метис, юнкерлер.

XVII ғасырдың ортасы ғаламдық дағдарыс және оның салдарларымен сипатталды. Жер шары халқының саны өсуі тежелді, оған себеп ауа райының сууы, астықтың шықпауы мен әлеуметтік-экономикалық күйзелістер болды. Батыс Еуропаның әртүрлі аймақтарында көтерілген діни соғыстар 1618 жылы католиктер мен протестанттар арасындағы жалпы құрлықтық қақтығысқа айналды. Бұл соғыс осыған дейін болмаған қан төгіс пен халыққа тиген зорлық-зомбылықтың ауырлығымен сипатталды; солтүстік Германия мен Богемияның аймақтары соғысқа дейінгі адам санының 20%-нан айырылды. Дегенмен 1645 пен 1648 жылдары Вестфалияда қол қойылған бейбіт келісімдер діни қақтығыстарға тоқтау қойды, бұл өз кезегінде соғыспен байланысты күштің көлемін шектеді. Еуразиялық құрлықтың шығыс бөлігінде Қытай шаруаларының көтерілісі мен солтүстіктен келген маньчжурлар шабуылынан Мин империясы құлайды. Қытайлық болмаса да жаңа билеуші әулет елдегі тәртіпті қалпына келтіріп, заңның күшін белгілі бір деңгейге жеткізді және Қытайдың сыртқы саясатын қорғаныстан экспансионистік бағытқа бұра алды.

Ал бүгін біз XVII ғасырдың ортасындағы Еуроазиялық құрлықтағы саяси формациялардың өсуіне тоқталып көрейік. Біз назарымызды үш ірі империяға: Қытайдағы Цин, Ресей мен Испан империясына аударатын боламыз. 1750 жылы осы үш мемлекет біріккенде 14 млн. 282 мың шаршы километр жер аймағын алып жатты, бұл шамамен қазіргі АҚШ-тан 4,5 есе көп және орташа мен кіші мемлекеттерге бөлінген Еуропа туралы сөз қозғаймыз. Бұл аймақта саяси динамизм сыртқы саяси экспансиядан ғана емес, жергілікті ру басылар билігінің әлсіреп, король билігінің күшеюінде көрініс тапты.

Дүниежүзі тарихының 1500 жылдан 1650 жылға дейінгі кезеңінде мемлекеттердің екі типі дамыды. Оның біріншісіне – қару асынған солдаттар мен салық жинаушы бюрократтардан тұратын әскер жинап, патша билігін ұлғайтуды көздеген территориялық монархияларды жатқызуға болады. Бұл мемлекеттердің бірнешеуін, әсіресе, Қытайдағы – Мин, Үндістандағы – Моғол, Парсыдағы – Сефевид, Осман түрік сұлтанаты мен орталық Еуропадағы Габсбургті империя деуге болады. Өйткені бұлар алып территория мен мәдени әрқелкі тұрғындарды ауқымына біріктіре алды. Келесі бір типке қатал орталықтанған үкімет құру үшін өзге территорияларды қосып алған Еуропа елдері кіреді. Португалия мен Испания бұлардың алғашқысы: Нидерланды, Англия және Франция кейін осылардың үлгісімен жүрді.

1650 жылдан кейінгі ғасырларда мемлекет билігінде маңызды кемелер пайда болды. Цин әулетінің (1644–1911) қол астындағы Қытай және Романов патшаларының (1613–1917) билігіндегі Ресей – Ішкі Еуразиядағы жаңа аймақтарды жаулап, ресурстарын қанап, фермер, малшы және аңшы тұрғындарына салық салуды көздеп, әскер жіберді. Испания да осы кезеңде қуатты империялық билік құрып, әскері, миссионерлері мен саудагерлері Солтүстік және Оңтүстік Американың екеуіне де енді. XVI ғасырда Осман, Габсбург және Франция монархтарының барлығы да Еуропаны ауқымды жаулауға ұмтылды. Католиктер мен протестанттар арасындағы діни қырғын қатігез әрі жүйесіз жүрген жағдайда бұл елдердің ешбірі де мақсаттарына қол жеткізе алмады. Керісінше, Еуропаның ірі және кіші мемлекеттері бір-бірімен жауласып, бөлшектеніп кетті, мұнымен қатар, өзара сауда-саттық жүргізіп, идеялармен бөлісіп, театрлар салып және бірі екіншісімен соғысып та қалды.

Қытайдың гүлденуі және империализм

XVII ғасырда жетекші болған Мин империясы құлдырай бастады. Оның себептері: орталық биліктің сарай маңындағы алауыздық нәтижесінде бытыраңқылықтың пайда болуы, жаңа «күміс» салығының жиналуына байланысты туындаған қиындықтар, астықтың шықпауы



және соның нәтижесіндегі елді жайлаған аштық. Шаруалардың көзінше саяси сәтсіздіктер мен табиғи апаттар Мин династиясының «аспан мандатынан» айырылуы ретінде қабылданды. Дәстүрлі мәдениет пен конфуциандық философия шеңберінде де бұл жағдай бағынбау мен ереуілге шығуға сылтау болды. XVII ғасырдың 40-жылдарының басында Қытайдың әртүрлі облыстарында көтерілген шаруалар ереуілдері жалпы азаматтық соғыс сипатына ие болып, билеуші әулеттің мемлекетті басқару мүмкіндігін әлсіретті.

XVII ғасырдың басында қолбасшылардың бірі Нурхаци бытыраңқы маньчжур тайпаларын біріктіріп, жаңа Цзинь империясының құрылғандығы туралы жариялай алды. Оның мұрагері Абахай немесе Хун Тайцзы (1626–1646 жж.) династияны «Цин» деп атын өзгертті. Ол Қытайдың әлсіреуіне байланысты ішкі Моңғолия мен Кореяны бағындырды және Миннің солтүстік провинцияларына бірқатар жорықтарды ұйымдастырды.

Маньчжурлық Цин династиясы Қытайды жаулап алумен шектелмеді. Император Кансидың билігі тұсында (1661–1722 жж.), олар Тибетті вассалдық мемлекетке айналдырды. XVII ғасырдың соңында маньчжурлар батыс моңғолдар – Жоңғарлармен соғысты бастап, оларды 1758 жылы император Цяньлунның тұсында толық жоюмен аяқтайды. Қытай империясы мен Қазақ хандығы арасында қарым-қатынас орнайтыны осы тұс.

Солтүстікке қарай жылжыған, Цин империясы басқа экспансионистік империя – Ресей мемлекетімен түйіседі. Орыс казактарымен болған бірқатар қақтығыстардан соң, екі империя 1689 жылы Нерчинскіде бейбіт келісімшартқа келіп, ол бойынша Амур жағалауында маньчжурлар өз бақылауын орнатады. Бұл кіші орыс қонысында орын алған оқиға тарихта ерекше маңыздылыққа ие болды. Орыс-қытай қарым-қатынастарының негізін қалап, 170 жылға аймақтағы шегараны анықтаған бұл келісімшарттан бастап, ішкі Еуразияның көрші мемлекеттермен бағындырылуы процесі басталды.

Ресеймен арадағы осы шиеленісті шешу арқылы Цин әскері Батысқа қарай жылжып, Қытайдың Батыс шегараларына қауіп төндіріп тұрған Ішкі Еуразия даласындағы Моңғол мемлекеті саналатын жоңғарлармен түбегейлі айналысуға мүмкіндік алды. 1696 жылы атыс қаруымен қаруланған Циннің атты әскері буддист билеуші Қалдан ханды жеңді және алпыс төрт жылдан соң Қытай сарбаздары Жоңғар территориясын тұтасымен аннексиялап алды. Осы жеңіс империяның Батыс шегараларын қорғау үшін Қытайға бұдан былай моңғолдармен немесе басқа да дала жұртының атты әскерлерімен келісім жасаудың ешқандай да қажеті жоқ екенін анық көрсетті. Цин әскері Батыс аймаққа қарай талаптануын тоқтатпай, өзге де моңғол және түрік халықтарын бағындырды, оазисті қалаларды окупациялады. Бұл жаққа қытайлық ханзу иммигранттарын орналастырды, нәтижесінде алып аймақты сіңіріп алды. Бұл – қазіргі Қытайдың Шыңжаң аймағы. 720 жылы Цин әскері буддист Далай Лама тұратын Тибеттің басты қаласы – Лхасаны басып алды. Бұдан кейін Тибет Қытайдың қарамағына өтті. Батыс басқыншылығы империяны, өзіне сіңірген миллионнан аса мұсылмандарды да, көптілді әрі мәдени әр алуан етті. Ұзақмерзімді болашақта, Цин мен Ресейдің жетістіктерін қоса есептесек, олар кемінде төрт мың жылдық тарихы бар малшы көшпенділердің Ішкі Еуразиядағы қуатты мемлекеттерін тоқтатты.

Үш мың жыл бойы Ұлы Даланың алып аумағы отырықшы халықтар үшін өтпес кедергі болды; көшпенділер мұнда өздерінің саяси құрылымдарын құрып, олжа үшін немесе ұзақмерзімді жорықтарға даладан тыс аумаққа аттанып отырды. Олардың қатарында көшпенділер құрған Киммериялық мемлекеті, Скифтер патшалығы, Сарматтар патшалығы, Сюнну мемлекеті, Түрік қағанаттары және шарықтау шегі ретінде әлемдік Моңғол империясы болды. Осылайша көшпенділер отырықшы мемлекеттерге қатысты белгісіздік факторында және Еуразиялық бірлікті нығайтатын агенті де болды. Өз қолында көптеген әскери атыс құралдары бар әскерлер, бюрократтардың орталығымен қадағаланатын контингент, жер жетіспеген халық, отырықшы империялар Далаға контршабуылға кірісті. Ресейдің Сібірді және Моңғолияны Қытайдың бағындыруынан басталған ішкі Еуразияны қосу процесіне шамамен 200 жыл кетіп, ол 1881 жылы Түрікмендердің «бағынуымен» аяқталды.

Юань династиясының моңғолдарының ықпалында болған Цин билеушілері маньчжурлардың қытайлануын алдын алу мақсатында бірқатар шаралар қабылдады. Маньчжурлар мен қытайлық Хань арасындағы қарым-қатынас шектеулі еді. Мысалы, хандық қытайлықтарға әйелі ретінде маньчжурлық қыздарды алуға болмайтын еді. Бірақ сол уақытта екі параллель



бюрократиялық құрылымдар болды. Біріншісі – маньчжурлар ісімен айналысатындар, екіншісі – қытайлық істер бойынша.

Империялық биліктің көрінісі. Алтыншы Цин императоры Цянь Лун, 1751 жылы Қытайдың оңтүстік провинцияларына сапарға шығу үшін Гранд каналды пайдаланды. Мұндай сапарлар Қытай билеушілерінің тәжірибесінде бұрыннан бар еді.

Тынық мұхитынан Польшаға дейінгі Ресей

XVII ғасырдың басында шетелдік жаулап алу қарсаңында тұрған Ресей мемлекеті «Бүліктер кезеңінің» салдарларынан айыға бастады. Романовтар әулетінің екінші уәкілі Алексей Михайловичтың патшалығы уақытына (1645–1676) мемлекеттің ішкі күшеюі мен оның сыртқы саяси бағыныштылығының артуына әкелген бірқатар оқиғалар сәйкес келді. Жекелей алғанда, Украинаның Ресейге қосылуының басталғандығын атап өту керек. Мәскеу Алексейдің кіші ұлы, Петр I-нің тұсында, яғни тарихта «Ұлы» деп аталған патшаның (1682/89–1725) тұсында әлемдік саясаттағы толық құқықты ойыншыға айналды.

Ұлы Петрдің амбициялары

Петр елінің дамуы үшін көп жұмыс жасады. Петр I-шінің билеуі басқаруы кезінде «вестернизация» мен «модернизация» процестері тез дамыды. Мемлекеттік бюрократияда шығу тегіне байланысты жүйе алып тасталынды; оның орнына «Рангтер туралы табель» ережелеріне негізделген меритократиялық жүйе келді. Шіркеу Синод құрылғаннан кейін зайырлы мемлекетке бағынышты болды. Батыстық типтегі мектептер құрылып, дворяндық фамилияның балаларын математика сияқты пәндерді оқуға міндейтін жарлықтар шығарылды. Өзінің қазасына дейін 1 жыл бұрын Петр I биліктің батыстық ғылыми әлемді қабылдауына дайын екендігін білдіретін Ғылымдар Академиясын құрды.

Петрдың өзінің бағалауынша ең маңыздысы – әскер реформасы еді. Стрелецтер әскері жойылып, оның орнына үйретілген және еуропалық маневрде қаруланған жаяу және атты кавалериялық полкілер құрылды.

Сонымен қатар, Ресейдің Балтық пен Қара теңіздерде күшею ұмтылысын білдірген Орыс флотының негіздері қаланды. Петр I ұзақмерзімдік солтүстік соғыста (1700–1721 жж.) Швецияны жеңу нәтижесінде осы мақсаттарға жетуіне ықпал етті. Швецияны Ұлы держава мәртебесінен ығыстырып, оның орнына Ресейді қойған бұл соғыс голландша аталған жаңа астананың – Санкт-Петербургтың құрылысымен сипатталды. Қара теңіздегі жерлерді иемденуге бағытталған оңтүстік саясат Петр I үшін сәтсіз аяқталды. Оның мұрагерлері бірінші кезекте Ресей пайтшайымы Ұлы Екатерина деген атпен белгілі германдық ханшайым София Фредерика Ангальт-Цербстская Қара теңіздегі бақылау үшін Осман империясымен күресте елеулі жетістіктерге жетеді. Империя түіктермен екі соғыс нәтижесінде Едисан Ордасы мен Азов жағалауындағы кіші Ноғай ордасының жерлерін аннексиялайды; оңтүстік бағыттағы ең маңызды жетістік – Қырым хандығы болды. Алтын Орданың бұл соңғы бөлігінің қосылуын Ішкі Еуразияның отырықшы мемлекеттермен бағындыру контекстінде қарастыруға болады.

Петр I-шінің басқаруымен белсенді еуропалық ойыншылардың біріне айналған Ресей империясы құрлықта өз ұстанымын күшейтіп, Речь Посполитаяның кең ауқымды шығыс жерлерін қосып алады. 1795 жылы Ресей, Пруссия мен Австрия арасында бөлінген Польша 123 жылға тәуелсіздігінен айырылады.

Империя Тынық мұхиты мен одан әрі шығыс бағытта өседі. Камчатка, формальды болса да, XVIII ғасырдың басында Ресейдің бөлігіне айналады. Оның соңынан Алясканы ашқан Витуса Берингтың екі экспедициясы, сонымен қатар, ресейлік отарлау үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Империя Алясканы қосып алып, кейіннен солтүстік Калифорнияға өзінің құқықтарын жариялайды. 1812 жылы онда орыс қорғаны Форт Росс құрылды. Нәтижесінде 1820 жылға таман империя үш құрлықта орналасады: Еуропа, Азия мен Америкада.



Америкадағы Испания империясы

Бірнеше құрлықтарда Испан империясы да орналасты. Бірақ Ресейден айырмашылығы ол үздіксіз аумақтық-саяси тұтастықты құрады. Испания өз иеліктерінен Атлант пен Тынық мұхиттарымен бөлінген. 1650 жылға таман өзінің еуропалық ұстанымдары әлсірегеніне қарамастан, Испания Батыс жартышарында иеліктерін сақтап, кеңейте алды.

Испандық мүдделер теория түрінде отарлық әкімшілікпен көрсетілді. Бастапқы екі вице-корольдікке XVIII ғасырда екеуі қосылды: Перуден бөлініп шыққан Жаңа Гранада Боготадағы Рио-де-Плата орталығымен және Буэнос Айрестағы орталығымен қосылды. Габсбургтер орнына келген Бурбондар әулетінің реформаларына қарамастан, вице-корольдардың билігі елеулі болмады. Бұған американдық иеліктердің метрополиядан алшақтығы мен отарлардың өзінің ішінде инфрақұрылымның әлсіз дамуы ықпал етті. Мадридтен тікелей басқарылған корольдік аудиенциялар, апелляциялық соттардың жүйесі корольдіктен көрі, отарлық элитаның мүдделерін қорғады. Осылайша билік мәселесі – оның Метрополия мен вице-корольдер арасында бөлісуі мәселесі Америкада үстемдік құратын әлеуметтік құрылым кімнің тарапында екендігіне байланысты болды.

Вице-корольдік – бюрократиямен қатар, империяның сот жүйесі аудиенцияларды (халықты) азаматтық және қылмыстық жағдай бойынша соттайтын. Бұл мінберлер әртүрлі әлеуметтік статустағы және этникалық топтағы жандардың құқықтық жағдайын тануға міндетті болды. Соттар әдепкідей еуропалықтардың мүддесіне басымдық берді, кейде қарапайым тұрғындар жеке жылжымайтын мүлкі мен жұмысын қанауға қатысты істердегі дауда жеңіп кетіп жататын. Мадридке дворяндар мен сарай жетекшілері патшаның империялық саясатын ақылдасуға жиналғанда аудиенциялар да, вице-корольдер де үндістер кеңесінен екі жақты да қанағаттандыратын идеал шешімдерге қол жеткізді.

Испан монархы империяға қарасты барлық шіркеу қызметкерлерін тағайындауға, шіркеу садақасын жинауға және жаңа шіркеу, миссия және ғибадатханалар салуға құзіретті болды. Шіркеу мен билік арасындағы бұл тығыз байланыс Католик институттары Испан колонияларында айрықша рөл ойнады дегенді білдірді. Доминикандар, францискандар және иезуиттер секілді кейбір діни топтар, шығу тегі еуропалық адамдарға арналған және негізінен үндістерге қызмет ететін екі түрлі қалалық шіркеулердің негізін қалады. Миссионерлер үндістерді өзгертті. Олардың моральдық және материалдық қажеттіктерін қанағаттандырды және испанша сөйлеуге, еуропалық үлгіде киініп, тамақтануға бейімдей отырып, оларды «өркениетті» болуға шақырды. Сонымен қатар, миссионер монахтар азық-түлік тауарларын өсіру мен әртүрлі садақалар жинауда үндістерге әдетте жоғары талаптар қойды.

Отарлық элита екі топтың есебінен толықты: Испанияда тікелей туылған еуропалықтар (peninsulares) пен еуропалық қоныстанушылардың ұрпағының отарларында туылған креолдар, яғни Америка құрлықтарында туылған, шыққан тегі еуропалық немесе африкалық адамдар.

Еуропа: абсолютизмнің жетістіктері мен сәтсіздіктері

1700 жылға таман еуропалық алып мемлекеттердің бірқатары құрлықтан тыс жерде кең отарлық империялар құрды. Еуропа алдындағыдай орта мен кіші мемлекеттерге бөлініп қала берді; Карл V-шінің біріккен христиандық империя туралы арманы діни қақтығыстар, қарсыластардың амбициялары мен ресурстардың жетіспеушілігінен орындалмады. Бытыраңқылық Вестфаль бітімінің постулаттарында бекітілген жаңа тәртіптің негізіне айналды. Халықаралық қатынастарда жоғарғы инстанция болу құқығы Рим Папасына, Қасиетті Рим императорына да тиесілі болмады; барлық егеменді билік кіші болса да, жекелеген мемлекеттің қолына өтті. Орта ғасырдағы саяси иерархия мойындалған геосаяси ойыншылардың теориялық теңдігімен алмасты.

Осыған байланысты негізгі қағида құрлықтағы күштердің балансы болды; мемлекеттердің ешбірі 30 жылдық соғыстан кейінгі күштердің арасалмағын бұзбау үшін аса мықты болып та, не көршілеріне бағыныштылыққа түспеу үшін тіпті әлсіз де болып кетпеуі керек. Сондықтан



XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдағы соғыстар стратегиялық мақсаттардың ұстамдылығы және халыққа қатысты байыптылығымен ерекшеленді. Мұндай жүйе XVIII ғасырға дейін, яғни француз революциясына дейін сақталды.

Егемен мемлекеттердің жаңа халықаралық жүйені қабылдауы құрлықтағы король билігінің барлық жерде күшеюінде көрініс тапты.

1648 жылы Вестфаль бітімінің жалпы отырысының аясында голландиялық және испандық шенеуніктер Мюнстер бейбітшілік келісіміне қол қойды. Өзара ұзаққа созылған соғысқа нүкте қойып, Нидерланды республикасының тәуелсіздігін таныды. Атақты голланд суретшісі Герард Терборх Мюнстер келісімін ратификациялау кезіндегі салтанатты ант (1648 ж.) атты туындысында голланд және испан делегациясын тәптіштеп суреттеген.

Франция абсолютизмі

Абсолютизм толық сипаты Францияда көрініс тапты. Людовик XIV-нің басқару кезеңіне (1643–1715 жж.) француз абсолютизмінің алтын ғасыры тұспа-тұс келді. Король билігі мен наразы аристократтар арасындағы аазматтық соғыс – Фронда соңғылардың жеңілісімен аяқталды. Корольдердің жаңа резиденциясы Версальдың салынуы көбіне Фрондадан кейінгі жағдайды сипаттады. Версаль сарайында уақытын өткізген аристократтардан билікке сенімді болу талап етілді; мұндай қызметі үшін олар жер мен дәрежелерге ие болады, сонымен қатар Күн-корольдың тұлғасының айналасында қалыптасқан жартылай құдайлық ареолға қатыстылығын сезіну құқығына ие болды.

Пруссия милитаризмі

Пруссиядағы жағдай басқаша болды. Кіші болған солтүстік германдық курфюрлік Бранденбург, Гогенцоллерндер династиясының белсенді билеушілері мықты еуропалық мемлекетке айналды. Курфюрліктің орталығында болды, ол кейіннен Бранденбург-Пруссияның корольдеріне айналды. Вольтер солтүстік германдық мемлекеттің мазмұнын мысқалмен керемет жеткізе білді: «Басқа мемлекеттерің әскері бар. Пруссия болса, бұл мемлекеті бар әскер еді». Армия абсолютизмнің прусстық үлгісінің негізіне айналды. Оны қолдау үшін үлкен қаржы қажет болды. Мұндай қаржыны мемлекет аристократиялық сословиені салықпен ғана таба алды. Бұл қадамға француздық монархтар да жете алмады.

Британдық билік бөлінісі

Абсолютизмнің таралуында Британия ерекше мысал болып табылады. Король билігінің күшеюіне Парламент кедергі болып, ол Тюдорлар кезеңінде маңызды басымдықтарға ие болды. Елизавета I-шінің өлімінен кейін таққа келген Стюарттар парламенттің билігін шектеуге тырысты. Бірақ олардың әрекеті діни артық ойлаумен күрестің эскалациясына тұспа-тұс келіп, 1642 жылы ұзақ және қанды азаматтық соғыс орын алды. Роялистер, яғни Карл I-ші Стюарттың жақтастары король мен король билігінің мүдделерін ғана қорғамады; олар ағылшындық шіркеудің қорғаушылары ретінде де шықты. Ал парламентті діни радикалдар, Жан Кальвинның жалғастырушылары, христиандықтың таза үлгісіне ұмтылған пуритандар жақтады. Бізге кеңестік тарихнамадан белгілі ағылшын буржуазиялық революциясы басталды.

Пуритандардың өзі пресветериандар мен индепенденттер деп бөлінді. Соның ішінде индепендент Оливер Кромвель басқарған Парламенттің жақтаушылары 1649 жылы жеңіске жетіп, роялистерді жеңді.

Карл I-шінің қазасымен республика орнады. 1660 жылы өз басшысының диктатурасынан шаршап, монархияны қалпына келтіруді ұсынды. Олар билікке Францияға қашқан Карл I-шінің ұлы Карл II-шіні қойғысы келді. Бірақ монархияны қалпына келтіру парламенттің әлсіздігін



білдірмеді. Керісінше ол өз қолында саяси үстемдікті сақтап қалып, 1688 жылы мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырып, билеуші әулетті ауыстырды. Жаңа монархтар – Нидерланды штатгальтеры Вильгельм Оранский мен оның әйелі Мария II Құқықтар туралы Билль деп аталған Парламентке кейбір жеңілдіктерге барды. Билль қатаң болмаса да король билігінің шегін анықтады және бірқатар азаматтардың құқықтарын бекітті. Осылайша ол қазіргі уақытқа дейін әрекет етіп отырған британдық конституцияның негізгі бөлігіне айналды.

Король I Карлдың соңғы сейілі. Эрнест Крофтстың XIX ғасырда салған аталмыш картинасы Пуритан солдаттарының сатқындығы үшін айыпталған I Карлды, 1649 қаңтарда басын алуға әкетіп бара жатқан сәтті бейнелейді. Карлды өлім жазасына кесу арқылы Парламент Британдық монархияны тоқтатты, дегенмен небәрі он бір жыл өткенде монархия қайта қалпына келді.

Жалпы алғанда абсолютизм корольге бағынышты аумақтарда мемлекеттік билікті күшейту құралына айналды. Монархтар феодалдық құқықпен орнатылған рулық ақсүйектердің ұстанымдарына қарсы шыға отырып, қызмет етуші сословие, саудагерлер мен заңдық кәсіптерден құралған жаңа элитаның пайда болуына жағдай жасады. Нәтижесінде Людовик XIV-шінің мемлекетке деген, мен деген хрестоматиялық ұстанымына қарамастан, нағыз мемлекет бұл олар болған еді. Жалғыз оны мойындауға кедергі монархия болды. Осындай монарх пен оның орнына келетін аристократиялық буржуазиялық элитаның қарама-қайшылығы жаңа саяси өзгерістің алғышарттарын қалыптастырды. Ол париждік тұрғындардың Бастилияны жаулап алуынан басталды.

Сұрақтар

1. Сіздің ойыңызша Вестфаль келісімшартының маңыздылығы қандай?
2. 1750 жылы қай үш мемлекеттің аумағы біріккенде қазіргі АҚШ-тың территориясынан көп болды?
3. Мин династиясының құлдырау себептері қандай?
4. Петр I-шінің басқаруы тұсында қандай реформалар мен өзгерістер енгізілді?
5. Осы кезеңде Испанияның рөлі қандай болды?
6. Абсолютизм дегенді қалай түсінесіз және еуропалық мемлекеттердің бірін мысал ретінде талдаңыз.
7. Пуританизмнің көшбасшысы Оливер Кромвельдың саяси бейнесін талдап беріңіз?

Әдебиеттер

1. William H. Dall, «A Critical Review of Bering's First Expedition, 1725–30, Together with a Translation of His Original Report upon It,» National Geographic Magazine 2, no. 2 (1890): 141.
2. Rein Taagepera, «Size and Duration of Empires: Systematics of Size,» Social Science Research 7 (1978): 108–127.
3. Emperor Yongzheng, quoted in Mark C. Elliott, *The Manchu Way: The Eight Banners and Ethnic Identity in Late Imperial China* (Stanford, CA: Stanford University Press, 2001), 241.
4. Emperor Qianlong, letter to King George III of Great Britain, 1793, in E. Backhouse and J. O. P. Bland, *Annals and Memoirs of the Court of Peking* (Boston: Houghton Mifflin, 1914), 328.
5. Richard Steckel and Michael Haines, eds., *The Population History of North America* (New York: Cambridge University Press, 1997).
6. Alexander von Humboldt, *Political Essays on the Kingdom of New Spain*, 4 vols. (London: Longman, Hurst, Rees, Orme, and Brown, 1811), 3:463–464.
7. Jean Domat, «On Social Order and Absolute Monarchy,» Modern History Sourcebook, <http://www.fordham.edu/Halsall/mod/modsbook.asp>.
8. James I, Speech in the Star-Chamber, 1616, quoted in G. W. Prothero, ed., *Select Statutes and other Constitutional Documents Illustrative of the Reigns of Elizabeth and James I* (Oxford: Clarendon Press, 1898).